

№5-дәріс. Шағын эссе және оның құрылымы, түрлері.

1. Шағын эссе және оның құрылымы

Жазба жұмысын жазу барысында берілген сұрақты түсініп, оған нақты әрі дұрыс жауап беруге машықтану үшін шағын эссе жазып үйрену керек. Шағын эссенің құрылымдық жүйесін жетік меңгеріп алу алдағы уақытта көлемдірек эссе жазуға жол ашады.

Шағын эссе студенттің сұрақты қалай түсінгенін және жауабын қалай жүйелі тұрғыда жаза алуын бағалауға бағытталады. Мұндай эссе түрлерін жаздыру тілдік деңгейді анықтауға арналған халықаралық IELTS, TOEFL сияқты тест түрлерінде кездеседі. Мұндай жазба жұмыстары міндетті түрде алдын ала дайындықты талап етеді. Шағын эсселерді жазу үшін олардың құрылымын толық түсініп алу қажет. Әдетте, шағын эсселердің құрылымы мынадай болып келеді:

Кіріспе (шамамен 60 сөз)

Тапсырманы өз сөзімен қысқаша жазу

Өз ойын білдіру

Эссенің мақсаты

Негізгі бөлім

1-ші параграф (шамамен 85 сөз)

Бірінші пікірді білдіру

Неліктен олай ойлайтынын түсіндіру

Мысал келтіру

Параграфты қорытындылау

2-ші параграф (шамамен 85 сөз)

Бірінші пікірді білдіру

Неліктен олай ойлайтынын түсіндіру

Мысал келтіру

Параграфты қорытындылау

Қорытынды (шамамен 45 сөз)

Эссені қорытындылау

Соңғы ойын білдіру

Шағын эссе құрылымына мынадай мысал келтіруге болады:

Тапсырма: Әкімшілік қала сәнін келтіретін уақытша өнер туындыларына (Алматыда салынған тиін мүсіні, Астанада салынатын мұз қалашығы т.б.) босқа ақша жұмсайды. Оның орнына қаржыны халыққа қызмет көрсету орындарына жұмсау қажет. Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз?

Жауабы: Қазіргі кезде жергілікті бюджеттен халыққа қызмет көрсету қызметтеріне ғана емес, қаланы уақытша безендіруге арналған туындылар қою үшін қаржы жұмсалатыны белгілі. Дегенмен қала көркін арттыру жұмыстарына қаржы шығындаумен келісемін және мұндай жұмыстарға жұмсалған ақша босқа кетіп жатқан жоқ деп ойлаймын. Эссе аталған тақырыпқа қатысты тұжырымдарды мысалдар арқылы талқылауға бағытталады.

Жергілікті бюджет қаржысының көп бөлігін халыққа қызмет көрсету саласына жұмсалатыны өте орынды. Жолдар, мектептер, ауруханалар салу сияқты жергілікті халыққа қызмет көрсету саласына ақша бөлу, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Мәселен, соңғы кезде жүргізілген зерттеулер білім саласына көп қаржы жұмсайтын мемлекеттердің экономикалық өсімі мен халқының жұмыспен қамтылу көрсеткіші жоғары екенін көрсетті. Сол себепті, жергілікті деңгейде халыққа қызмет көрсету саласына қаржылық тұрғыдан кең қолдау танытылады.

Бірақ бұл қала сәнін келтіретін өнер туындыларына қаражат бөлу қажет емес дегенді білдірмейді. Қала көркін арттыратын туындылар да жергілікті халықтың өмір сүру деңгейіне әсер етеді. Мәселен, ғалымдардың зерттеуі бойынша, қалада орнатылған

мүсіндер, мұз қалашықтар тұрғындардың көңіл күйін көтеріп, бақытты сезінуіне ықпал жасайды екен. Өз қалаларының құлпырып, көркеюі тұрғындардың сезіміне оң әсерін тигізіп жатса, әкімшілік тараптан мұндай өнер туындыларына қаржы бөлу жалғаса бергені дұрыс сияқты.

Қорытындылай келе, жергілікті бюджет қаражатының басым бөлігі халыққа қызмет көрсету саласына жұмсалатыны анық, қала көркін арттыру үшін жұмсалатын өнер туындыларына қаржы жұмсау ақшаны текке шашу емес. Сол себепті, алдағы уақытта жергілікті әкімшілік бұл екеуіне де қаражат бөлуді қарастырғаны дұрыс.

Шағын эссені жазу барысында оның әрбір бөлімінің ерекшеліктерін және ондағы әрбір сөйлемнің мақсатты түрде жазылатынына аса мән беру керек.

2. Эссенің түрлері

Эссе – академиялық бағытта жазылатын шағын шығарма. «Эссе» сөзі француз сөзінен шыққан. Қазіргі кезде оқу орындарында эссе шағын ғылыми шығарма ретінде жазылып, белгілі тақырыпты талқылауға арналады. Эссе жазу түрлі пәндердің оқу бағдарламасына енгізіліп, оқытылатын тақырыптары мен салаларына сәйкес жазылуы талап етілуі мүмкін.

Эссе белгілі бір тақырыпқа қатысты мәселені талқылауға, түсіндіруге бағытталады. Мәселен, енгізілген жаңа ереженің қоғамға тигізген әсері, белгілі бір тарихи оқиғаның туындау себебі, теорияны қолданудың артықшылығы мен кемшілігі және т.б. Сондықтан эссе жазбас бұрын оның мақсаты мен түрін анықтап алу қажет. Эссе түрін анықтап алу оның құрылымы мен жазылу жолын айқындауға көмектеседі. Эссенің көлемі мен құрылымы оқытылатын пәнге тікелей байланысты.

Эссенің мынадай түрлері бар:

Анықтамалық эссе. Эссенің бұл түрі әртүрлі жайттарға, идеяларға, түсініктерге анықтама береді. Дегенмен анықтамалық эссенің қарапайым анықтамадан өзіндік айырмашылығы бар, өйткені бұл эсседе термин сөздердің мағынасы толық әрі жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар эсседе терминдерді түсіндіру мақсатында мысалдар беріледі. Кейде сөздер мен тіркестер қолданылу орнына қарай мағыналық жағынан түрлі мәнге ие болуы мүмкін. Эсседе сөздердің мәні мен мағынасы түсіндірілуі үшін мәліметтер жинақталып, талданады. Осыған байланысты сөздер мен терминдерге талдау жасау *анықтамалық эссе* деп аталады. Егер қарапайым анықтама түсінік беруге ғана бағытталса, анықтамалық эсседе бір сөздің немесе терминнің бірнеше мағыналық мәніне талдау жасалады.

Әңгіме эссе. Бұл пәнге қатысты маңызды ақпаратты қысқаша баяндауда құрылады. Дегенмен бұл қарапайым әңгімелеу түрінде болмайды, себебі эссенің жазылу құрылымы сақталуы тиіс. Әңгіме эссе белгілі бір мотивпен жазылады. Мұнда белгілі бір жайт баяндала отырып, оқырманның әңгіме арқауы болып отырған оқиғамен таныстыруға тырысады. Ал керісінше қысқаша әңгімелеуде оқырманды одан әрі ізденуге үміттендіріп, арқау болған жайтты анықтауға жетелейді.

Эссенің мақсаты - өзге адамдардың тәжірибелерінен сабақ алуға үйрету. Мұндай эссе үлгілерін көркем әдеби шығармалардан жиі кездестіруге болады.

Сипаттамалық эссе. Сипаттамалық эссе оқырманға белгілі бір оқиғаны сезіндіруге, сипаттауға құрылады. Ол негізінен орын алған оқиғаны толығырақ мәлімдеуге бағытталады. Мәселен, қолыңыз бос болған кезде Алматы қаласындағы Тұңғыш Президент саябағына серуенге бардыңыз делік. Сипаттамалық эсседе осы серуеннен алған әсеріңіз, таза ауа, саябақты аралау сынды жайттар жүйелі түрде баяндалып беріледі. *Сипаттамалық эссенің негізгі қызметі*- оқырманға эсеге арқау болып тұрған құбылысты, адамды, орынды мүмкіндігінше көз алдына елестететіндей етіп сипаттап беру. Сондықтан автор оқырманға әсерлі жеткізу үшін барынша сөздік қорын қолданады.

Сипаттамалық эссе кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдерден құралып, сипатталатын жайт толыққанды қамтылуы тиіс. Бірақ кейде шағын параграф түрінде ғана жазылуы мүмкін.

«Түркістан қаласына жақындай бергенде алыстан көзге түсетін ғимарат - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Кесененің көк күмбезі алыстан мұндалап бірден көрінеді. Кесенеге жақындай келе он төртінші ғасырдың соңында соғылған ғимараттың осы кезеңге дейін өңін бермеген күдіреттілігіне сүйсіне түсесің...»

Түсіндірмелі эссе. Бұл эссенің мақсаты - кез келген жайтты оқырманға түсінікті етіп жеткізу. Мұндай эссе үдерістің орын алу ретімен баяндауға құрылады. Мәселен, мұндай жазба жұмысына жоғары оқу орнына құжат тапсыру нұсқаулығын жатқызуға болады. Сондықтан ол іздеу, дамыту, кейде идеяны түсіндіру үшін аргумент түрінде жазылуы мүмкін.

Бокстан орта салмақтағы элем чемпионы, қазақстандық Геннадий Головкин: «Менің ұлтымды сұраған кезде, менің әкем - орыс, анам - кәріс, ал мен - қазақпын деп жауап беремін», - дейді. Себебі ол өзінің Қазақстанда туғанын мақтан тұтады және қазақ елінде білім алып, ер жеткенін айтады. Сондай-ақ әлемдік ірі жарыстарға қатысуына әрқашан қазақ елінің қолдау көрсететініне алғыс білдіреді. Ол қазақ ұлтына құрмет ретінде шаршы алаңға қазақы ою-өрнекті шапан киіп шығады және өзінің барлық жеңістерін Қазақстанға арнаймын дейді.

Дәлелді эссе. Мұндай эссенің мақсаты - оқырманды белгілі бір жайтты жасауға не жасамауға сендіру. Яғни қандай да бір тұжырымға иландырады.

Қоғамда жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыс саны көбейген. Ол интернеттің таралуымен тікелей байланысты. Қазір интернетті кез келген жерде, кез келген уақытта, кез келген бағытта қолдануға болады. Ал жасөспірімдердің оны мақсатсыз, қадағалаусыз қолдануы интернеттен түрлі қылмысқа жетелейтін ақпараттарды көруіне немесе оқуына мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы - жасөспірімдерге интернет қолдануға тыйым салу немесе олардың қолдануын қатаң бақылауға алу қажет.

Эссе қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасында орын алып жатқан қылмыстардың себебін интернетпен байланыстырып, оны қолдануға тыйым салу қажет екеніне сендіруге тырысады.

Аргументтік эссе. Бұл эссенің түрі оқырманын қандай да бір мәселенің бір жағының пайдалырақ екендігіне сендіруге құрылады. Оның параграфтары тұжырымға қарсы немесе оны жақтайтын пікірлерге байланысты құрылады.

Әлеуметтік желілердің пайда болуы адамдардың өзара қарым-қатынасына серпін бергенімен, шынайы қатынасына кері әсерін тигізуде. Кей адамдар әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, пікір білдіріп жатқанымен, олардың күнделікті өмірдегі мінез-күлқынан мұндай жағдайды байқай бермейміз. Смартфондардың шығуы мен интернеттің тез таралуы әлеуметтік желілердің қарқынды дамуына түрткі болуда. Ал оған еліткен адамдар шынайы қарым-қатынас жасаудан қалып бара жатыр. Мәселен, кездесуге келген достардың арасында барлығының бір сәтте түгелдей әлеуметтік желіге сүңгіп кеткендерін жиі байқауға болады.

Бұл параграфтан әлеуметтік желіге деген тәуелділіктің артып, шынайы қарым-қатынастың әлсіреуі мысалдар арқылы берілгенін көруге болады.

Аналитикалық эссе. Мұндай эссе белгілі бір мәселені талқылауға құрылады. Аналитикалық эссе белгілі бір тұжырымның, идеяның, құбыстың және сипаттаудың бір бағытын толық түсіндіру үшін жасалуы мүмкін. *Негізгі мақсаты* - оқырманға талданатын бағытты толық түсіндіру. Аналитикалық талдау үдеріс, анықтама, талдау, салыстыру барысында жазылады. Мәселен, үдеріске аналитикалық талдау жасалынуы үшін ол бірнеше кезеңдерге бөлініп сипатталуы мүмкін. Талдауға негіз болған кейіпкер, идея немесе пікір бөлшектенеді, кейбір ұсақ-түйек ақпараттар бойынша мәліметтер де беріледі.

Салыстыру эссесі. Салыстыру эссесі бір нәрсені басқа бір нәрсемен салыстырып немесе бір-біріне қарсы қою арқылы сипаттайтын, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтайды. Ол үшін эсседе кем дегенде екі немесе одан да көп жайттар

қарастырылады. Мәселен, қаламсаппен жазу мен мәтінді компьютерде теруді салыстырып көрсеткен эсседен үзінді келтірейік:

Қаламсаппен жазу мен мәтінді компьютерде терудің өзара ұқсастық-тары мен айырмашылықтары бар. Аталған екі жолмен де мәтін жазуға болады. Мәселен, студенттер конспект жасағанда, дәріс жазғанда қалам қолданады. Ал эссе немесе жазбаша тапсырмаларды компьютер арқылы теруі мүмкін. Кейбір адамдар компьютер арқылы терудің орнына қаламмен жазғанды қалауы мүмкін, себебі қолмен жазу барысында компьютер және мәтінді қағазға басу үшін арнайы көшірме аппараты қажет емес. Бірақ компьютермен теру кезінде қателерді тез түзетуге және мәтінді қалауынша безендіруге болады.

Себеп-салдар эссесі. Бұл эссенің түрі оқырманға белгілі бір жайттың туындау себебі мен оның өзге құбылыстарға әсер етуін түсіндіруге бағытталады. Мысалы:

Түрлі гаджеттердің адам көзінің көру қабілетінің нашарлауына әкеп соғатыны белгілі. Планшеттер мен телефондардың экрандарынан шығатын көк сәуле өте зиян. Сондықтан гаджеттерге ұзақ әрі жиі қарау көздің көру қабілетін күрт нашарлатуы мүмкін.

Сыни эссе. Белгілі бір құбылыстың артықшылығы мен кемшілігін бағалау мәнінде жазылады. Мәселен, бұған көркем шығарманың артықшылығы мен кемшілігін талдауға арналған сыни пікірді жатқызуға болады. Сыни эссенің жазылу мақсатына мыналар жатады:

- Бір жұмысқа жан-жақты түсінік беру.
- Жұмыс барысында автордың идеясын беру жүйесіне, жолына, логи-калық құрылымына талдау жасау.
- Автордың пікірін дәлелді тұрғыда бере білу жолдарына талдау жасау.
- Жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасау.
- Жұмысты сынау.

Үдеріс эссесі. Бұл эссе бір құбылыстың жүзеге асырылу, жасалу немесе тоқтатылу үдерісін талқылауға құрылады. Негізгі мақсаты - оқырманның осы құбылысты толық түсінуіне және оқып болғаннан кейін қандай да бір әрекет жасауына ықпал ете алу.

Кез келген қоғам мақсат-мүдделері біріктіретін шағын топтардан тұрады. Мұндай шағын топтар өз қызығушылықтары бойынша топтасуы мүмкін. Бұған, мәселен, футбол ойнауды немесе көруді ұнататын, кітап оқу арқылы кітапханада кездесетін, пікірсайыс клубында топтасып, қоғамдық тақырыптарды талқылайтын жастардың шағын топтарын жатқызуға болады. Бұл қарапайым достық мақсатта ғана қалып қоймай, алдағы уақытта бірін-бірі қолдайтын қоғамның шағын күштеріне айналады. Дегенмен мұндай шағын топтар болмаса, қоғамдық байланыс ыдырайды немесе қоғамдық қарым-қатынас әлсірейді.

Эссе білім алушының білімін бағалау мақсатында қысқа мерзімді сабақ барысында немесе емтихан алу кезінде және ұзақ мерзімге берілуі мүмкін. Қысқа мерзімді академиялық эссенің көлемі әртүрлі болады. Ол кез келген пән (әлеуметтану, гуманитарлық, жаратылыс, тіл, әдебиет т.б.) бойынша жазылады. Ұзақ мерзімді эссе көлемдірек болады және аргументтер мен дәлелдер сенімдірек болуы үшін дереккөздер қолданылады және олар қолданылған әдебиеттер тізімінде міндетті түрде көрсетіледі.

Академиялық шағын эсселерді жазу шағын және көлемді ғылыми жобалар мен ғылыми мақалаларды жазуға, олардың құрылымын түсінуге, сыни ойлауға дағдыландырады. Сондықтан ЖОО-да берілетін жазбаша тапсырмаларды сапалы жазу үшін эссе жазып үйренудің орны ерекше.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:
2. Шағын эссе жазу студентті қай тұрғыда бағалауға бағытталады?
3. Шағын эссе жазудың басты талаптары қандай?
4. Шағын эссені не үшін жазып үйрену қажет?
5. Эссенің қандай түрлері бар?

6. қандай?

7.Сыни эссе қандай жағдайларда жазылады? Аналитикалық эссе жазудың басты талаптары

8.Сипаттамалық эссе дегеніміз қандай эссе?

9.Себеп-салдар эссесінің құрылымы қандай болуы мүмкін?

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
- 2.Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтурсынова, 2019. - 106 с.
- 3.Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательскийотдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
- 4.Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қзақстандық қоғамы, 2020. -68 б.
- 5.Грофф Джеральд. Как писать убедительно: искусство аргументации в научных и научно-популярных работах: пер. с. Англ. –М.:Альпина Паблишер, 2014. -250 с.
- 6.Имангулова Т.В., Губаренко А.В., Абдикаримова М.Н. Методика научно-исследовательской работы в туризме. Учебное пособие. А.:КазАСТ, 2021. -164 с.
- 7.Айешова Г.А. Основы научно-исследоваельской работы:учебное пособие, 2019.

Қосымша:

- 1.Петрякова А.Г. Культура речи [Текст]: уч.пос. / А.Г.Петрякова.–М.:Флинта,2016.-488 с.
- 2.Дусенко А.Г. Современный туризм: актуальные проблемы и прспективы. М.: РТУФКСМиТ, 2017. -238 с.
- 3.Комлева Ю. Е. Изъяны габсбургской политики идентичности: «книги для чтения» в италяязычных школах Триеста // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2015. № 1 (136). С. 144.
- 4.Пример взят из: Nagy P. T. The Problem of the Confessional Recruitment of the Students at the Faculties of the Humanities and Science of the Transylvanian University // Historical Social Re- search. 2008. Vol. 33. No 2. P. 142.
- 5.Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Терминологический словарь научно-исследовательской деятельности в туризме:учебное пособие.А.:КазАСТ,2016. -60 с.
- 6.Закирьянов Б.К., Абдикаримова М.Н. Инновационные направления развития туризма и гостеприимства в современной России/коллективная монография. М.:РУСАЙНС, 2019. - 232 с.
- 7.Добрынина О. Л. Пропедевтика ошибок при написании англоязычнойавторской аннотации к научной статье// Высшее образование в России. 2015. № 7. С. 42-50.
- 8.Hartley J. Academic Writing and Publishing: a practical handbook. London: Routledge, 2008. P. 118-119.
- 9.Наука: день сегодняшний, завтрашний: научно-популярный сборник. Алматы: Ассоциация вузов РК. -2017. -128 с.
- 10.Морозов М.А. Информационные технологии в туристской индустрии: учебник. М.:КНОРУС, 2019. -276 с.
- 11.Гаврилов М.В. Научная работа: методика и практика: учебное пособие. –Саратов:МарК (Лохнев Ю.В.), 2014. -228 с.

WEB Сайттар тізімі:

1. Научная электронная библиотека. - [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
2. Международный выставочный портал.- <http://www.expoclub.ru>